

7-Тақырып: Қылмыстық құқық бұзушылық жасау сатылары. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу.

Аға оқытушы: Сеилханов Ж.Д.



1-Сұрақ. Қылмысты істеу сатылары туралы ұғым.

Қылмысты істеу сатылары деп қасақана істелетін қылмысқа дайындалу, оқталудан біткенге дейінгі өтетін кезеңдерін айтамыз. Қасақаналықпен істелетін қылмыста бірнеше саты болады. Олар: қылмыс істеуге дайындалу, қылмыс істеуге оқталу және аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық.

Қылмыс істеу сатылары:

- аяқталмаған қылмыс;
- аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық;
- қылмыс істеуге дайындалу;
- қылмыс істеуге оқталу.

Кез келген қылмысты істеу үшін адам өзін соған итермелейтін қоғамға зиянды мүдделерді, қажеттіліктерді, зұлымдық пиғылдарды басшылыққа алады. Яғни, адам қылмыс істеу үшін ең алдымен өзінің психологиялық ой-ниетін қалыптастырады. Бұл адамның ішкі сезімін, ойын, ниетін білдіреді. Бірақ, осы сезім, ой-ниет адамның нақты мінез-құлқы, қимылы, әрекеті арқылы сырттай көрініс бермеуіде мүмкін. Сондықтан да адамның мұндай сыртқа шықпаған ішкі жан-дүниесінің белгілі бір іс-әрекет арқылы сырттай көрініс бермеуін қылмыс қатарына жатқызуға болмайды. Яғни, мұндай психологиялық сана-сезім, жалаң ой, қиял, қылмыстық құқық нормасынан тысқары болады, ол үшін қылмыстық жауаптылық жоқ.

Қылмыстық ой, ниетті табуды қорқыту арқылы ауыр қылмыс жасаумен шатастыруға болмайды. Қылмыстық заңда қорқыту арқылы жасалған бірнеше аяқталған қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы көрсетілген. Мысалы, өлтіремін деп қорқыту (115-бап), куәні, жәбірленушіні, сарапшыны, аудармашыны қорқыту (422-баптың 4- бөлігі), өкімет өкілінің өз қызметтік міндеттерін орындауына байланысты немесе оның жақындарына қатысты өмірімен денсаулығы үшін қауіпсіз күш қолдану немесе қорқыту (380-бап), бастықты қорқыту (438-бап), т.б. Мұндай қорқытулар біткен қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрайды.



Осы қылмыстық құқық бұзушылықтың істеуші субъектілер жәбірленушіге психикалық зиян келтіру жолымен, қылмыстық ойын белгілі бір іс-әрекетпен байланыстыру арқылы біткен қылмыстың құрамын жасайды. Мысалы, 115-бапта «өлтіремін деп немеседенсаулыққа ауыр зиян келтіремін деп, сонымен бірдей адамның жеке басына өзге ауыр күш көрсетемін не мүлікті өртеп құртамын деп, жарылыс жасап немесе өзге жалпы қауіпті тәсілмен қорқыту бұл қорқытудың іске асатындығына қауіптенудің жеткілікті негіздерінің бар екендігі кезінде» делінген. Бұл жерде қорқытудың іске асатындығына қауіптенудің жеткілікті негіздері бар екендігіне деген сөздің өзі қылмыстық ниеттің белгілі бір іс-әрекетпен байланысын білдіреді, яғни оны жүзеге асыру біткен қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын орындаушылық болып табылады.

Осы жерде айта кететін бір мәселе бар. Ол қылмыстың қатарына тек аяқталған қылмыс қана емес, дайындалу, оқталу сатыларында жасалған, бірақ олардың аяқталуы әр түрлі себептермен жүзеге аспай қалған қылмыстар да жатады. Егер кінәлінің ыркына салса, бұл әрекеттер аяғына дейін жеткізілер еді, бірақ оның бітпей қалуы кінәлінің еркінен тыс жағдайларда болатын әр түрлі бөгеттерге байланысты болады.

Сондықтан да қылмыстық заң қылмысқа дайындалуды, оқталуды қылмыстық іс-әрекеттің бастапқы сатысы деп қарайды. Қылмыс істеудің бірінші сатысы – қылмысқа даярланғандық болып табылады. Қылмысқа даярланғандық үшін қылмыстық жауапкершілік қылмыс істеу үшін құралдар немесе қаруларын іздестірген, әзірлеген немесе бейімдеп жасаған қылмысқа қатысушыларды іздестіру, қылмыс жасауға сөз байласу не қылмыс жасау үшін өзге де қасақана жағдай туғызған реттерде туындайды. Мысалы, кісіні өлтіру үшін у дәрі дайындайды, мылтық сатып алады, жоспар жасап қылмыс жасайтын жерді, жағдайды анықтайды, қылмысқа қатысушыларды іздестіреді. Жәбірленушінің келу-кету жолдарын анықтап ізіне түседі, т. б. әрекеттер.

Осындай жағдайларды жасағаннан кейін қылмыстың субъектісі қылмыс жасаудың екінші сатысы қылмыс істеуге оқталу сатысына көшеді, яғни қылмыс құрамын орындауға тікелей бағыттаған Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі жеке құрамдарда көрсетілген іс-әрекеттерді істейді. Яғни, субъект тікелей қасақана қылмысты іс-әрекетті істеуге кіріседі, бірақ та субъектінің ырқынан тыс жағдайларға байланыссыз қылмыс ақырына дейін жеткізілмей қалады. Мысалы, біреуді өлтіремін деп оған жандыжерінен пышақ салады, бірақ дәрігердің дер кезінде көмек көрсетуі нәтижесінде ол тірі қалады немесе қас адамын өлтіремін деп оған у дәрі береді, бірақ адам кездейсоқ себеппен өлмей тірі қалады.

Қылмыс істеуге даярланғандық және оқталғандық қылмыс істеудің бастапқы, алдын ала сатысы болып табылады. Осы екі сатыға да тән белгілер: қылмысты мінез-құлықтың аяғына дейін жеткізілмеуі, субъективтік жағынан осы екі сатыдағы қылмыстардың тікелей қасақаналықпен істелуі. Қылмыстың субъектісінің ырқынан тыс жағдайларға байланысты ақырына дейін жеткізілмеуі болып табылады

Қылмыстың осы екі сатысы, яғни қылмысқа даярланғандық және қылмысқа оқталғандық абайсызда жасайтын қылмыстарда, зардапсыз (формальдық) құрамдағы, сондай-ақ жанама қасақаналықпен жасалатын қылмыстарда орын алуы мүмкін емес. Егер кінәлі адам қылмыстық заңның Ерекше бөліміндегі жеке құрамдардың барлық белгілерін істесе, онда оның әрекеті біткен қылмыс деп бағаланады. *Мұндай жағдайда субъектінің іс-әрекеті мен нақты қылмыс құрамының объективтік жағында көрсетілген белгі – қылмыстың зардабы нақты тууы керек.*

Қылмыстан болған зардаптың мәні мен көлемі нақты қылмыс құрамы арқылы белгіленеді. Қылмыстың аяқталу, біту уақыты әрбір қылмыс құрамының құрылысының ерекшелігіне байланысты да әр түрлі болады. Мысалы, қарақшылық құрамы қылмыстық заңда «бөтен біреудің мүлкін ұрлау мақсатымен шабуыл жасау» деп көрсетілген. Яғни, бұл жерде осы мақсатпен шабуыл жасағанда мүлікті иемдену, иемденбеуге байланыссыз-ақ, **қылмыс шабуыл жасаған кезден бастап-ақ біткен қылмыс деп саналады.**

2-сұрақ. Қылмыс істеуге дайындалу.

Тікелей ниетпен қылмыс құралдарын немесе қаруларын іздестіру, әзірлеу немесе бейімдеп жасау, қылмысқа сыбайлас қатысушыларды іздестіру, қылмыс жасауға сөз байласу не қылмыс жасау үшін өзге де қасақана жағдайлар жасау, егер бұл орайда қылмыс адамның еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе, *қылмысқа дайындалу деп танылады (24-бап, 1-бөлігі).*

Заңда ауыр немесе ерекше ауыр қылмысқа дайындалғаны үшін сондай-ақ террористік қылмысқа дайындалғаны үшін *қылмыстық жауаптылық туындайды* деп көрсетілген (24-бап, 2-бөлігі). Заңда дайындық әрекеттерінің негізгілері ғана берілген. Мұнда қасақана қылмыс жасауға туғызылатын жағдайлардың жалпы көріністері орын алған. Кінәлі адам күні бұрын ауыр, ерекше ауыр қылмыстарды жасау үшін өзіне өте қажетті жағдайларды жасайды. Мысалы, пәтерге түсіп, ұрлық жасау үшін алдын ала иесіз пәтерді анықтап, құлыптыашуға кезекті кілттерді немесе басқа да құралдарды дайындайды, жалған ақша жасау үшін соны жасауға қажетті аспаптарды, жабдықтарды, қажетті материал-дарды іріктейді, т.б.

Сонымен, қылмыс істеуге дайындалу мынадай белгілермен сипатталады:

- 1) дайындық іс-әрекеттерін жасау;
- 2) қылмысты тек тікелей қасақаналықпен істеу;
- 3) оның қылмыс құрамын толық орындауға дейін үзіліп қалуы;
- 4) қылмыс адамның еркінен тыс жағдайларға байланысты істелмеуі.

Дайындық әрекеттері көп жағдайларда қылмыс құрамының объективтік жағының белгілерін қамтамасыз етумен тікелей байланысты болады. Өзінің объективтік белгілеріне сәйкес, қылмыс істеуге дайындық адамның мынадай үш түрлі әрекеттері арқылы жүзеге асырылады: қылмыс істеу үшін құралдар немесе қарулар іздестіру я лайықтау немесе қасақана бір жағдайлар туғызу.

Қылмыс істеу үшін құралдар мен қару-аспаптар іздестіру дегеніміз кез келген тәсілмен заңды немесе заңсыз жолмен осы заттарды алуды айтамыз.

Қылмыс істеу қару-аспаптары болып қылмыс істеуге қолданылатын *кез келген заттар саналады*. Оған атылатын немесе суық қарудың барлық түрлері қолдан жасалған фин пышағын, сондай-ақ әр түрлі тесіп-кесетін нәрселер жатады. Қылмыс құралдарына қылмыс істеуге әдейі бейімделіп пайдаланылатын таяқ, үшкір тас, бөтелке сынығы, балта, балға, бұрғы, шеге суырғыш, бұрауыш сияқты заттар да жатады. Мысалы, адам қолдануға қолайлы үшкір тасты денеге жарақат келтіруге немесе автокөліктің әйнегін сындырып, ішіндегі заттарын ұрлауға пайдалануы мүмкін. Кінәлі адам шеге шығарғышты, бұрауышты немесе қашауды бөтен біреудің үй-жайының есігін бұзып, мүлкін ұрлау үшін дайындауы мүмкін. *Қылмыс істеу құралына қылмысты істеуге жеңілдік туғызатын заттар жатады*.

Бұлар мысалы, әскер міндетін өтеуден жалтару немесе контрабандамен айналысу үшін жалған құжат дайындау, адамды өлтіру үшін у дәріні немесе қатты әсер ететін зәрлі нәрселерді қолдану, ұрланған заттарды, қылмысты топтың мүшелерін тасуға пайдаланылатын көлік құралдары жатады. Егер автокөлік, трактор, басқа да техника түрлері қоймаларды бұзуға, кедергілерді таптап өтуге пайдаланылса, онда ол қылмыс істеудің құралы емес, қылмыс істеудің қаруы ретінде есептеледі. Құралдар мен қару аспаптарын лайықтау деп қылмыс істеуге пайдаланылатын заттарды қайта өңдеу, түрін өзгерту, қайта жасауды айтамыз. **Мысалы**, бөтеннің мүлкін ұрлауға пайдалану үшін бірнеше кілтті, қолдан қайта өңдеу, қолдан тапанша, пышақ, жалған құжат жасап, оны қылмыс істеуге, қылмыстың ізін жасыруға пайдалануға әзірлеу және т.б. әрекеттер.

Қылмыс істеу үшін қасақана басқа бір жағдайлар туғызу деп құралдар мен қару-аспаптарды дайындаудан басқа қылмыс істеуге бағытталған кез-келген әрекеттерді айтамыз. **Бұған жататындар: ұрлық істеу үшін қылмысты топқа мүше іздестіру, болашақ қылмыстың жоспарын жасау. Қылмыс істелетін объектілердің жүйесін зерттеу, қоймаларға жасырын кіру үшін дыбыс беретін құралдарды күні бұрын жою, пәтерге түсу үшін үй иелерінің келіп-кету мерзімін болжау сияқты әрекеттер жатады.**

Дайындық сатысында істеген қылмыс Қылмыстық кодекстің 24-бабы және Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті баптары бойынша сараланады. Мысалы, басқа біреудің пәтерін ұрлау үшін кілт дайындап жатқан субъект, осы кезде әшкереленсе оның әрекеті Қылмыстық кодекстің 24, 188-баптары бойынша ұрлық жасауға оқталғаны үшін сараланады. Бұл жерде 24-баптың көрініс табуы субъектінің **аяқталмаған қылмыс жасағанын білдіреді.**



Субъект өзінің дайындық әрекеттеріне тыйым салғанға дейін, басқа қылмыстың құрамын орындап үлгеруге, оның әрекеті қылмыстың жиынтығы бойынша – тиісті қылмысқа дайындалғандық және басқа біткен қылмысты жасағаны үшін сараланады. *Мысалы,* А. өзінің қызметтес досы Б-ны кек алу үшін атып өлтіруге қара базардан Калашников автоматын сатып алған, бірақ оның бұл қылмысты істеуге дайындалғаны сезіліп қалып, оны полиция қызметкерлері ұстап алған. Оның әрекеті қаруды заңсыз алғаны үшін Қылмыстық кодекстің 277-бабы 1-бөлігімен және кісіні кекшілдік пен өлтіруге оқталу – 24-бап, 99-баптың 1-бөлігімен екі қылмыстың жиынтығы ретінде саралануға жатады.

3-сұрақ. Қылмыс істеуге оқталу

Қылмыстық кодекстің 24-бабының 3, 4-бөліктері бойынша: «Тікелей қылмыс жасауға тура бағытталған ниетпен жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), егер бұл орайда қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе, қылмыс жасауға оқталу болып танылады.

Қылмыстық жауаптылық ауырлығы орташа, ауыр немесе ерекше ауыр қылмыс жасауға сондай-ақ террористік қылмысқа оқталғаны үшін ғана басталады».

Қылмыс істеуге оқталудың төрт түрлі белгісі бар.

Бірінші іс-әрекеттің қылмыс істеуге тікелей бағытталуы қылмыс істеуге оқталғанда, қылмыс субъектісі қылмыс құрамын орындауға тікелей кіріседі және қылмыстық құқылық норма диспозициясының объективтік жағында көрсетілген элементтерін орындайды. **Мысалы**, кісіні өлтіруде оған қарай мылтық атады, ұрлық жасағанда есікті бұзып тұрғын жайға кіреді, көлік құралын айдап әкетуде көлікті қозғалысқа келтіру әрекетін жасайды және тағы басқа әрекеттер. Қылмысқа оқталғандағы іс-әрекет қылмыстың зардабын туғызатын себептің көрінісін білдіреді. Егер ол іс-әрекет үзіліп қалмаса, онда қылмыс зардабы сөзсіз болар еді.

Екінші белгісі— субъективтік белгісі болып табылады. Қылмыс істеуге оқталғандық тек тікелей қасақаналықпен жүзеге асырылады. Бұл туралы қылмыстық заңның өзінде қылмыс істеу үшін тікелей бағытталып, істелген әрекет немесе әрекетсіздік деп тура көрсетіліп отыр. Заңдағы тікелей бағытталған деген сөздің өзі осы тұрғыда қылмыстың тек қана тікелей қасақаналықпен жүзеге асырылатындығын білдіреді. Мысалы, кісіні қасақана өлтіру жөніндегі сот тәжірибесі туралы Жоғарғы Сот қаулысында кісіні өлтіруге оқталу тек қана тікелей қасақаналықпен жүзеге асырылады, өйткені мұндай жағдайда кінәлі адам өзінің әрекетінің зиянды екенін біле тұра, оның зиянды зардаптарын болжай тұра, бұл зардаптардың болуын тілеп істейді делінген.

Мысалы, С. деген азамат өзінің жұбайы К-нің Д. деген азаматпен көңілдес екенін біліп, екеуінің кездесу шағын аңдып, ақыры осындай бір сәтте олардың өзара оңаша сүйісіп отырғанының үстінен шығып, С. қалтасындағы бәкісімен әйелінің көңілдесі Д-ның күре тамырын қиып жібереді. Дәрігерлік көмектің нәтижесінде Д. тірі қалады. Сот С-ның әрекетін қызғаныштан қасақана кісі өлтіруге тікелей оқталғандық деп саралаған (ҚК-нің 24-бабы, 3-бөлігі; 99-бабы, 1-бөлігі).

Қылмыс істеуге оқталғандықтың *үшінші белгісі* – істеуге бағытталған қылмыстың ақырына дейін жеткізілмеуі болып табылады. Яғни, қылмыс құрамын орындау сатысында қылмысты әрекет амалсыздан үзіледі. Бұл жерде қылмыс істеуге оқталғандықтың белгісі қылмыстың аяқталмай қалуы, бітпеуі болып отыр. Бұл белгі аяқталған қылмысты қылмыс істеуге оқталғандықтан айырудың басты белгісі болып табылады.

Мысалы, өзіне қас кісіні өлтіремін деп ол ұйықтап жатқанда оның үйінің есік-терезесін сыртынан бекітіп, үйінен шықпастай етіп, үйіне өрт қояды. Нәтижесінде ол ауыр дене жарақатын алып, аман қалады. Бұл жерде кінәлінің әрекеті қасақана кісі өлтіруге оқталғандық ретінде сараланады (24; 99-бап, 1-бөлігі).



Қылмыс істеуге оқталғандықтың *төртінші белгісі* болып табылады. Бұл жерде кінәлінің ырқына байланысты емес себептерден деген ұғымды әртүрлі объективтік және субъективтік жағдайлардың жиынтығы ретінде қарау керек. Бұл жерде субъектінің өзінің ниетін жүзеге асыруға бар пәрменін сала кіріскенімен, оның ырқына байланысты емес себептермен қылмыс ақырына дейін жеткізілмей қалды (мысалы, әйелді зорлағанда жәбірленушінің қарсылық көрсетуінен, үйді өртеуге қажет болған от тұтатқыш суланып жанбай қалуы жәнет.б.).

Қылмысты істеуге оқталғандықтың да қылмысты ниетті жүзеге асыру дәрежесі әр түрлі болуы мүмкін. Осыған байланысты оқталудың өзі біткен және бітпеген оқталу деп екіге бөлінеді. Біткен оқталу деп кінәлінің қылмысты аяқтауға қажетті деп санаған барлық іс-әрекеттерін толық істеуі, бірақ осыған қарамастан, адамның ырқынан тыс жағдайларда қылмыс аяқталмайды немесе қылмыстың зардабы болмай қалады. Оқталудың бұлтүрін біткен қылмыстан қылмыстың аяқталмауын емес зардаптың болмайқалуы ғана ажыратып тұр. Мысалы, Ж. деген азамат арақ ішіп, мас күйінде өзінің әйелінің ағасы С-ға тиісті, оның жүрегінің тұсынан 2 рет пышақпен ұрады. Осыдан кейін Ж. далаға шығып, көршілеріне естіртіп, «көптен күткен арманымды жүзеге асырдым, бір жауызды өлтірдім» – деп айғайлайды. Бірақ С-ның өмірі дер кезінде дәрігерлік көмек көрсетілу арқылы өлімнен құтқарылып қалады. Облыстық сот Ж-ның әрекетін бұзақылық ниетпен кісіні қасақана өлтіруге оқталғандық деп саралаған (24-бап, 3-бөлігі; 99-бап, 2-бөлігі, «9» тармағы).

Бітпеген оқталу деп кінәлінің қылмысты аяқтауға қажетті деп санаған барлық іс-әрекеттерін толық емес, жарым-жартылай орындау болып табылады. *Мысалы*, У. деген адам Ю. деген азаматты атып өлтіру мақсатымен, мылтықты оған кезеніп, оның шүріппесін баса бергенде Х. деген азамат У-дың қолынан келтекпен ұрып, мылтықты тартып алып, өзін ұстаған. Бұл ***бітпеген оқталуға тән мысал.*** Ал егер Х. мылтықты атып, оқ К-ге тимей кетсе, онда оның әрекеті ***біткен оқталу болып саналар еді.***

Қылмыстық құқық теориясында қылмыс істеуге оқталу жарамсыз объектіге, затқа немесе жарамсыз құралмен оқталу деп екі түрге бөлінеді.

Жарамсыз объектіге немесе затқа оқталу деп оған кінәлі қаншалықты әрекет істегенімен жәбірленушінің, қылмыстың объектісінің немесе затының өзіндік ерекше өзгешеліктеріне байланысты оған зиян келтіру мүмкіндігінің мүлдем болмайтындығын айтамыз. Мысалы: кінәлі тірі адам екен деп өлген адамның басын балтамен шауып, ақша екен деп жәбірленушінің қалтасынан бір бума хатталған қағаз ұрлайды.

Жарамсыз құралмен оқталу – кінәлі адам қылмысты ниетті жүзеге асыруда қателесіп жарамды құралдың орнына жарамсыз құралды пайдаланып қылмыс жасайды. Мысалы, П. және Ә. деген екіжігіт Ақтау қаласында З. деген шалдың үйінде пәтерде тұрады. П. және Ә. қарт адамды уландырып өлтіріп, оның пәтерін өздері иелік етіп, сатпақ оймен З-ның ішетін тамағына «Колорада» қоңызын өлтіретін у дәрі салып жібереді. Асты қабылдаған З-ға алғаш ешқандай қатер болмайды. Бірақ та П. мен Ә. З. ас іше бастағанда-ақ өзістеген әрекеттерінен қорқып, ішкі істер органына келіп, болған жағдайды шын жүректен өкініп хабарлайды. Олардың әрекетін сот кісі өлтіруге оқталғандық ретінде бағалаған.

4-сұрақ. Аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық.

Кінәлінің істеген іс-әрекетінде қылмыстық заңда көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болса, ондай іс-әрекетті аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық деп айтамыз (25-бап). Қылмыстық заңның көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының ерекшеліктеріне байланысты аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық бір түрлі емес, әртүрлі болуы мүмкін, оның әртүрлі болуы қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамының құрылысының түрліше болуына тікелей байланысты болады.

Қылмысқа оқталғандықтың түрлері:

- аяқталу дәрежесі бойынша;
- жарамдылық дәрежесі бойынша;
- бітпеген оқталу;
- біткен оқталу;
- жарамды оқталу;
- жарамсыз оқталу;
- жарамсыз объектіге, затқа оқталу;
- жарамсыз құралмен оқталу.

Қылмыстық заңда белгіленген материалдық қылмыстық құқық бұзушылық құрамының аяқталуы үшін осы құрамда көрсетілген қылмыстың зардабы болуы қажет. Мысалы, 371-баптағы лауазымды салғырттықты айтамыз. Осы қылмыс аяқталды деу үшін субъектінің әрекетімен мемлекеттік мүддеге немесе азаматтардың заңды құқықтары мен мүддесіне елеулі түрдегі бұзу орыналуы керек. Әрі осындағы істелген іс-әрекет пен келтірілген зиянның арасында себепті байланыстың болуы шарт.

Кейбір қылмыстардың диспозициясында қылмыстық құқық бұзушылықтың мүмкін болатын бірнеше зардаптарының түрін көрсетеді (Мысалы: ҚК-нің 106-бабы). Мұндай қылмыс аяқталды деу үшін осы бапта көрсетілген бір зардаптың болуы жеткілікті.

Қылмыстық кодексте зардабы болмайтын формальды қылмыс құрамдары да бар. Мұндай қылмыстың аяқталуы кінәлінің заңда көрсетілген іс-әрекетті жасауымен тұжырымдалады (мысалы, 369-бап, 378-бап, т.б.).

5-сұрақ. Қылмыстық құқық бұзушылықты істеуден өз еркімен бас тарту

Қылмыстық кодекстің 26-бабында:

1. Адамның дайындау іс-әрекеттерін немесе қылмыс істеуге тікелей бағыттаған дайындалу іс-әрекетін тоқтатуы не іс-әрекетті (әрекетсіздікті) тоқтату, егер адам қылмысты ақырына дейін жеткізу мүмкіндігін ұғынған болса, қылмыс істеуден өз еркімен бас тарту деп танылады. Егер адам бір қылмысты ақырына дейін жеткізуден өз еркімен және біржолата бас тартса, ол осы қылмыстық құқықбұзушылық үшін қылмыстық жауапқа тартылмауға тиіс.

2. Қылмыстық құқық бұзушылық ақырына дейін жеткізуден өз еркімен бас тартқан адам оның нақты жасаған әрекетінде өзге қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болған жағдайда ғана қылмыстық жауапқа тартылуы тиіс, – делінген.

Қылмыстық құқық бұзушылық істеуден өз еркімен бас тартқаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босату шарттары:

- бастаған қылмыстық құқық бұзушылықты ақырына дейін жеткізбесе;
- қылмыстық құқық бұзушылықты ақырына дейін жеткізу мүмкіндігін ұғынса;
- нақты жасаған іс-әрекетінде өзге қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болмаса;
- қылмыстық құқық бұзушылық істеуден өз еркімен бас тартса;
- бас тарту біржола болса

